АНЫҚТАМА

Тақырыбы:«Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» және «Жол жүрісі ережелері (ЖЖЕ)» оқу курстарының жүргізілуі туралы

Мектепте білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру мақсатында «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» және «Жол жүрісі ережелері (ЖЖЕ)» оқу курстары бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

«Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» курсы аясында білім алушыларға күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелері, өрт қауіпсіздігі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер, алғашқы көмек көрсету, жеке басының қауіпсіздігін сақтау және қауіп-қатердің алдын алу жолдары түсіндіріледі. Сабақтар барысында түсіндіру жұмыстары, тақырыптық әңгімелер, практикалық тапсырмалар және қауіпсіздік ережелерін меңгеруге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар велосипед және басқа да жеке қозғалыс құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары түсіндіріледі. Оқушылардың жолда дұрыс бағдарлануы мен жол-көлік оқиғаларының алдын алу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Аталған курстарды жүргізу барысында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, қауіпсіздік тақырыптары бойынша сынып сағаттары, профилактикалық түсіндіру жұмыстары және практикалық жаттығулар өткізіледі. Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде сақтау қажеттілігі үнемі ескертіледі.

Ұсыныстар:

- Оқушыларға өмір қауіпсіздігі мен жол жүрісі ережелерін түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
- Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз әрекеттерді меңгерту мақсатында практикалық жаттығулар мен оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру.
- Жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша профилактикалық түсіндіру сабақтарын, тақырыптық сынып сағаттарын өткізу.

Қорытынды: «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» және «Жол жүрісі ережелері (ЖЖЕ)» оқу курстары бойынша білім алушылардың қауіпсіздік сауаттылығын арттыруға бағытталған жұмыстар оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырылсын. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру жоспарлансын

Мектеп директоры Қ.Жұмабекова

Қолы

Күні28.11.2025